

## ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП КЕҢЕСІНІҢ ХАТТАМАСЫ №4

Өткізілген күні: 27 ақпан 2026 ж.

Уақыты: 15.00

Қатысқандар: Кеңес мүшелері, педагогтер

1. Тастамбеков Даурен Узбекович – Кеңес төрағасы
2. Сатубалдинова Алмагүл Амангелдіқызы – Кеңес мүшесі
3. Акишева Айнұр Ерболовна – Кеңес мүшесі
4. Кожанова Жанил Тусебаевна – Кеңес мүшесі
5. Ибрагим Әйгерім Әйтенқызы – хатшы

Қатыспағандар: жоқ

### КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Жұмыстан тыс уақытта педагогикалық этиканы сақтау мәселесі» Д.У. Тастамбеков

### ТЫҢДАЛДЫ:

Жиналыста сөз алған Тастамбеков Д.У педагогтардың жұмыстан тыс уақытта да педагогикалық әдеп нормаларын сақтау қажеттілігі туралы баяндама жасады. Баяндамада мұғалімнің қоғамдағы беделі, оқушылар мен ата-аналар алдында үлгі болу міндеті, әлеуметтік желілерде, қоғамдық орындарда және жеке қарым-қатынаста педагогикалық әдепті сақтау мәселелері атап өтілді. Педагог – қоғамда ерекше мәртебеге ие тұлға. Мұғалім тек білім беруші ғана емес, сонымен қатар оқушыларға үлгі болатын тәлімгер болып табылады. Сондықтан педагогтың мінез-құлқы тек жұмыс барысында ғана емес, жұмыстан тыс уақытта да педагогикалық әдеп нормаларына сай болуы маңызды. Мұғалімнің қоғамдағы беделі оның күнделікті іс-әрекеті мен қарым-қатынасына байланысты қалыптасады. Оқушылар мен ата-аналар педагогты қоғамдық орындарда, түрлі жағдайларда көріп, оның мінез-құлқына қарап баға береді. Сондықтан ұстаз **әрдайым** мәдениеттілік, сыпайылық, жауапкершілік және әдептілік танытуы қажет. Қазіргі уақытта әлеуметтік желілердің кең таралуына байланысты педагогтың жеке парақшаларындағы жазбалары, пікірлері мен фотосуреттері де оның кәсіби беделіне әсер етеді. Осыған байланысты мұғалімдер әлеуметтік желілерде әдептілік сақтап, білім беру ұйымының және педагог мамандығының абыройына нұқсан келтіретін материалдар жарияламауы тиіс.

### Кеңес шешімі:

1. Педагогтарға жұмыстан тыс уақытта да педагогикалық этика нормаларын сақтау міндеттелсін.
2. Қоғамдық орындарда, әлеуметтік желілерде және жеке қарым-қатынаста педагог мәртебесіне сай мінез-құлық көрсету ұсынылсын.
3. Білім беру ұйымының беделіне нұқсан келтіретін әрекеттерге жол бермеу туралы педагогтарға түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

Төраға: \_\_\_\_\_

Хатшы: \_\_\_\_\_

Д.У. Тастамбеков  
Ө.Ә. Ибрагим

Мектеп директоры: \_\_\_\_\_

А.Ж. Ескалиева

